



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 20 қаңтары

KASE биржалық нарықтың 2020 жылғы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылға жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2020 жылы 118 трлн теңгені құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,1 % немесе 152,1 млрд теңгеге төмендеді.
- Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық көлемі 49,0 % немесе 7,9 трлн теңгеге дейін өсті.
- KASE Индексі мәні 2020 жылы 13,2 % өсіп, 2 675,58 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру бір жылда 10,6 % өсіп, 19,1 трлн теңгені құрады.
- KASE саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 21,2 % дейін өсіп, 14,7 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылы листингілеу рәсімінен 14 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары өтті: үшеуі акциялар секторында, тоғызы корпоративтік облигациялар секторында (оның ішінде үш шағын қаржы ұйымдары), екеуі инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында.
- 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 191 эмитенттің 477 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың ішінде Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 17 мыңнан астам жеке шоты тіркелді.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2019–2021 жылдарға арналған KASE стратегиясын дамыту аясында 2020 жылға Биржа келесі іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асырды:

- Биржа 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап валюталық нарықта ASTS+ жаңа сауда-саттық клирингтік жүйесін енгізді. Валюталық нарықтың барлық қаржы құралдарымен сауда-саттық, T+0, T+1 и T+2 есептеу жүргізу мерзімімен бес валюталық жұбын қоса (USDKZT, RUBKZT, CNYKZT, EURKZT, EURUSD) есептеуі теңгемен АҚШ доллары, ресей рублы, қытай юані, еуро және теңгеге доллардың бағамына жеткізілім фьючерсі ASTS+ жүргізіледі.
- KASE 2020 жылдың 03 тамызынан бастап, қор нарығының барлық қаржы құралдарын сату-сатып алу режимінде және репо нарығын қоса, қор нарығындағы биржалық сауда-саттықты ASTS+ жаңа сауда-клирингтік жүйесіне ауыстырды. Көрсетілген күннен бастап, сауда-саттық қатысушыларына сату-сатып алу және репо операцияларымен мәміле неттингі қол жетімді.
- Биржа барлық биржалық нарықта барлық қаржы құралдары үшін орталық контрагент қызметін енгізуді аяқтады.
- KASE 2020 жылдың 28 желтоқсанынан бастап, TONIA қаржы нарығының негізгі көрсеткішін өзгертті. Жаңа есептеу әдістемесін енгізу көрсеткіштер сенімділігіне және үздік халықаралық

тәжірибелерге сәйкес негізделген, Қазақстан Республикасының қаржы нарығында тәуекелсіз бенчмарк құру мақсатында жүзеге асырылды.

- KASE мобилдік қосымшаны іске қосты, ол қаржы құралдарының динамикасын қадағалап отыру үшін нарықтық мәліметтер ағымын және негізгі индикаторларды және KASE білім беруші сауда-саттық жүйесінің жұмысын қоса көрсетеді.
- Тамыз айында KASE Биржаның "Web-Quotes" ақпараттық өнімі клиенттері үшін жазылымның электрондық әдісін енгізді, яғни, Биржа сайтында нақты уақыт режимінде сауда-саттықты қарау.
- MOEX үлесі KASE капиталында стратегиялық серіктестік туралы келісім аясында 13,1 % дейін артты.
- Тұрақты даму қағидаларын алға жылжыту және қолдау көрсету

KASE 28 қазаннан бастап, Қазақстан Республикасының заңдарына, БҰҰ жахандық келісім-шарты шарттарына және БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаларына сәйкес әзірленген, Биржаның тұрақты даму саясатын іске қосты және тұрақты даму қағидаларын ұстанатын және оны қазақстан қаржы нарығында алға жылжытатын ұйым ретінде KASE негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

- БҰҰ бастамасы аясында "Тұрақты қор биржалары", KASE " БҰҰ -әйелдер" Құрылымымен және Young Presidents' Organization Kazakhstan (YPO Kazakhstan) бірлесіп, "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттық ашылу рәсімін және "Ұйымды тұрақты дамыту: гендерлік теңдік" конференциясын өткізді.
- Жыл бойы инвесторлармен өзара қарым-қатынас негіздеріне және экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару бойынша ақпарат ашуға арналған іс-шаралар өткізілді, осы ақпаратты Bloomberg-те жылжыту мүмкіндіктері, сондай-ақ оны жылдық және қаржылық емес есептерде ұсыну қарастырылды.
- Оқыту іс-шаралары

Биржа жыл бойы кәсіпкерлер мен халық үшін қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында білім беру, оқыту шараларын жүргізді. Іс-шара "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, "Даму" кәсіпкерлікті даыту қорымен, Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC), "Казпочта" АҚ, "Назарбаев Университет" ААҚ, KIMEP және Satbayev University Университетімен, Қазақ-Британ техникалық университетімен (КБТУ) және КАЗГЮУ Университетімен бірлесіп өткізілді.

KASE биржалық нарығы қызметі туралы білімін арттыру мақсатында, сондай ақ қазақстан қор нарығында капитал тарту мүмкіндігі туралы Биржа "Business FM" радиосында жаңалықтар топтамасын іске қосты.

KASE 2020 жылдың 05 тамызында бұқаралық ақпарат құралдары үшін Қазақстан Республикасы қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің Fingramota.kz оқыту жобасымен және Factcheck.kz ресурсы мен "MediaNet" МЦЖ бірлесіп, "Қор нарығы: сауаттымызды ашамыз" атты онлайн-семинар өткізді. Іс-шараға еліміздің барлық аймақтарынан 40 астам журналист қатысты.

KASE ЖОО студенттері үшін "KASE-дегі сауда-саттық: А -дан Я-ға дейін" кешенді білім беру бағдарламасын өткізді, ол вебинарлар сериясы мен тәжірибелік блоктан тұрады, "Биржалық симулятор" конкурсы, онда 40 ЖОО-нан 1 147 студент қатысты. "Биржалық симулятор" жобасы 2008 жылдан бастап өткізіліп келеді. 12 жылда оған Қазақстан, сондай-ақ таяу және алыс шет елдерден 80 ЖОО-нан 8,5 мыңнан астам студент қатысты.

2020 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейінгі уақыт аралығында акциялар нарығында жеке инвесторлар расында KASE Конкурс өткізді. Конкурсты ашу Инвесторлардың Халықаралық аптасы аясында өтті. Биылғы жылы 634 инвестор қатысты, олар 150 млн теңгеге 3 561 астам мәміле жасады.

KASE 2020 жылдың 18 қарашасында "NGDEM Finance" АҚ бірлесіп, KASE -де саудаланатын инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары туралы инвесторлармен (ETF) кездесу өткізді.

Қазақстандық компаниялардың қызметкерлерін Investor Relations (IR) жүйесін құру халықаралық тәжірибесі, ролі, маңызы туралы Биржа 2020 жылдың 09 қарашасында "Инвесторлармен жаңа реалыда өара әрекет ету" атты тақырыпта онлайн семинар өткізді.

"KASE Talks" жобасы аясында Ләззат Ибрагимова, Қайрат Мажибаев, Дмитрия Забеллоның қатысуымен ашық дәрістер өткізілді.

– Бизнеске арналған шаралар

"Эмитент күні" жобасы аясында KASE "Қазақтелеком" АҚ, "Кселл" АҚ, "KEGOC" АҚ және "Қазақстан Ипотекалық компаниясы" АҚ үшін инвесторлармен және кәсіби қатысушылармен кездесулер өткізді.

KASE алаңында теңгеге деноминацияланған еурооблигацияларды орналастыру аясында "Қазақстан даму банкі" (БРК), "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар шығарылымы аясында және "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ KASE субсидиялық облигацияларының шығарылымы арқылы тарту мүмкіндігі туралы Road Show өткізді.

Биржа 2020 жылдың 18 қарашасында Тараз қаласында Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, қазақстан қор нарығында қаржы тарту мүмкіндіктеріне арналған дөңгелек үстел өткізді.

KASE 2020 жылдың 18 қарашасында Tengri Partners бірлесіп, Қазақстанда алғаш рет іскерлік белсенділік индексін Purchasing Managers' Index (PMI Индексі) енгізуге байланысты брифинг өткізді.

Биржа 2020 жылдың 26 қазанында "Тау-Кен Самұрық" НГК" АҚ Биржада капитал тарту тақырыбына тау кен секторы компаниясы өкілдерімен онлайн конференция өткізді.

Биржа даму аясында 2020 жылдың 20 қазанында "KASE Startup" QazTech Ventures бірлесіп, барлық тілек білдірушілер үшін сингапур қорынан қазақстандық стартап-жобаларға қолдау алу мәселелері бойынша онлайн-кездесу өткізді.

– Халықаралық ынтымақтастық

KASE Шанхай қор биржасы (SSE) және Биржалар арасындағы Коммуникация және Ынтымақтастық Халықаралық (SICCCCE) Шанхай орталығы ұйымдастырған биржалық нарықтың өсу мүмкіндіктерін талқылау бойынша онлайн-кездесуге қатысты. Кездесуде 16 қор биржасының өкілдері қатысты.

KASE аймақтағы бес биржаның қатысуымен "Орта Азия және Өзбекбайжан капитал нарықтары: шақырулар мен перспективалар" атты аймақтық онлайн-конференция өткізді.

KASE қолдауымен "Қазақстан Республикасының борыштық нарығы" атты Cbonds IV дөңгелек үстел өтті, онда борыштық капитал тарту және инвесторлық база әлеуеті, сондай-ақ жахандық факторлардың аймақтық нарыққа ықпалы және оның көрсеткіштері мәселелері талқыланды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 10,6 % немесе 1,8 трлн теңгеге артып, 19,1 трлн теңгені (45,3 млрд USD) құрады.

2020 жылдың қыркүйек айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 142 эмитенттің 126 акциялары орналастырылды, олардың ішінде листингтік емес бағалы қағаздар секторында – бес компанияның бес атаулы акциялары болды.

Жыл басынан бері Биржаның сауда-саттық тізімінен үш атаулы акциялардың жай акциялары шығарылды (бұрын KASE эмитенттері болмаған): "СК "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" АҚ, "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ және "Ақжал Голд Ресорсиз" АҚ; листингтік емес алаңда үш компанияның үш атаулы акциялары айналымға жіберіледі.

Жыл басынан бері Биржаның сауда-саттық тізімінен бес атаулы акциялардың жай акциялары шығарылды (ресми тізімнен төрт атауы): Ferro-Alloy Resources Limited, "Теміртау электр металлургиялық комбинаты" АҚ – эмитенттердің бастамасы бойынша, "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ – шығарылымды жоюға байланысты, "Tengri Bank" АҚ – Қазақстан

Республикасының реттеу және дамыту агенттігінің бастамасымен мәжбүрлеп тарату рәсәмәне байланысты, "CHINATOWN" АҚ – олармен 90 күннің ішінде мәміле жоқ болуына байланысты, "листингілік емес бағалы қағаздар" секторынан шығарылды.

2020 жылы акциялармен сауда-саттық көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 17,1 % немесе 34,8 млрд теңгеге өсіп, 238,4 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 969,1 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 795, бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млн теңге.

Алғашқы нарық көлемі 3,5 млрд теңгеге бағаланады. 2020 жыл бойы "БАСТ" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде өзінің 249 636 жай акцияларын 3,4 млрд теңгеге орналастырды. Компанияның бір акциясына бағасы 12 000 теңгеден 28 000 теңге аралығында болды. Сонымен қатар, "Sinoasia B&R" сақтандыру компаниясы АҚ (Синоазия БиЭндАр) жазылым аясында бір акцияға 16 200 теңгеден 8 500 жай акцияларын жалпы сомасы 137,7 млн теңгеге орналастырды.

Инвесторлардың ішінде жалпы сауда-саттық көлемінің 84,7 % заңды тұлғаларға, 11,4 % – жеке тұлғаларға және 3,9 % екінші деңгейдегі банктерге (ЕБД) берілді.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 15,4 % артып, 31,3 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің акциялармен сауда-саттықтың брутто-айналымынан 53,8% келді. ЕДБ қатысу үлесі - 0,6 %, брокер-дилерлердің үлесі 15,3 %, өзге институционалдық инвесторлар – 6,1 %, өзге заңды тұлғалар 24,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы 10 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың басынан бері KASE Индексі 13,2 % дейін немесе 2 675,58 нүктеге өсті. Индекс акцияларымен мәміленің жиынтық көлемі 2019 жылға қарағанда 39 % артып, 150,4 млрд теңгені құрады.

KASE Индексі 30 желтоқсанда 2020 жылдың максималды жоғары мәні – 2 678,37 нүктеге жабылды (максимум 2008 жылдың 27 маусымынан бері). KASE Индексінің жылдық минимумы 16 наурызда – 2 055,72 нүктені (-13 % жыл басынан бері) құрады, KASE Индексіні қалпына келтіру 2020 жылдың көрсетілген минимумынан желтоқсан айының аяғына дейін 30,2 % құрады.

KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелері бойынша акциялар бағасын өзгерту

Эмитент	Сауда- саттық коды	баға өзгеруі		
		01.01.2020	01.10.2020	жыл басынан бері
"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ	KZAP	7 150,00	5 218,00	+37,0%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	3 502,00	2 630,02	+33,2%
"Kcell" АҚ	KCEL	2 760,00	2 330,00	+18,5%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 697,00	1 624,00	+4,5%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	26 700,00	27 100,00	-1,5%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	215,64	226,10	-4,6%
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	123,99	131,00	-5,4%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	970,00	1 035,90	-6,4%

2020 жылдың қорытындысы бойынша акциялар арасында KASE Индексі акцияларының ішінде "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ жай акциялары бағасы жыл басынан бері бір акцияға 37 % өсіп, 7 150 теңгені құрады. В последний торговый день 2020 жылдың соңғы сауда-саттық күні, 31 желтоқсанда, компания акциялары бір данаға 7 150 теңгеден жабылды, ол Қазақстан қор биржасында атом компаниясының қағаздарымен сауда-саттық кезеңіндегі ең жоғарғы мәні болып табылады. Жахандық қор индексі мен шикізат нарығының құлдырауы аясында "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ жай акциялары KASE алаңында 10 наурызға қарай бір данасы 4 707,01 теңге көлеміне дейін құлдырады (2020 жылдың басына қарағанда -9,8 %). Осы бағадан уранның споттық бағасының өсуі аясында акциялар бағасының арттыру трендінің есебі басталды, оның бағасы 09 сәуірде бір фунтқа \$29,60 (UxC Broker Average Price) құрады – 2016 жылдың наурыз айынан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Уранның бағасының жаңадан өсуіне себептердің бірі логистикалық тізбектердегі жұмыстардың кешеуілдеуі мен нарықтағы сұраным бола тұра ірі солтүстік америкалық рудниктердің жабылуы болып табылады. 18 мамырда өткен ұлттық атом компаниясының акционерлерінің жылдық жиналысында 2019 жылға дивиденд төлеуге 46,3 % немесе 99 млрд теңге (бір акцияға немесе ЖДҚ 381,72 теңге, алдыңғы жылмен салыстырғанда төлем көлемін 20 % арттырды), таза түсімді төлеуге шешім қабылдады немесе солайша IPO шығу кезінде дивидендтік саясатына бейілділікті сақтай отырып, дивиденд төлеу бойынша теңгелік баламамен кем дегенде 200 миллион АҚШ долларын сақтады.

Соңғы операциялық нәтижелерге байланысты "Казатомпром" ҰАК" АҚ 2020 жылдың үшінші тоқсанына және тоғыз айына 2019 жылдың сәйкес кезеңдерімен салыстырғанда, уран өндірісі мен сату көлемін қысқарту байқалады. Уранның ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы өндірісі көлемі 10,6 % дейін азайып, 15,091 мың тоннаны құрады. Сонымен қатар, "Казатомпром" ҰАК" АҚ және еншілес компанияларының сатылымы 2020 жылдың тоғыз айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,2 % өсіп, 9,857 мың тоннаға дейін жетті, уран концентраты фунтын сатудың орташа бағасы 7,2 % артты. "Казатомпром" ҰАК" АҚ таза бағасы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ҚЕХС бойынша 10,3 % артып, 156,6 млрд теңгені құрады. Өткен айдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, компанияның түсімі 35,6 % дейін өсіп, 356,8 млрд теңгені құрады.

Екінші үздік нәтижені KAZ Minerals PLC жай акциялары көрсетті, олар бір жылда 33,2 % қымбаттады. Акциялар бағасының өсуінің айтарлықтай бөлігі қазан айының аяғынан желтоқсан айына дейін келді, бағасы компанияның екі ірі қосалқы иелері миноритарийлер үлесін сатып алғысы келетіні туралы жаңалық шыққаннан кейін бағасы 15,2 % өсті. Сонымен қатар, KAZ Minerals PLC акциялар өсімінің негізгі драйвері әлемдік нарықтағы мыс бағасының динамикасы болып табылады. Есептік жылдың наурыз айындағы ең төменгі нүктеден мыс бағасы жылдың соңына қарай 60 % дейін артты.

"Кселл" АҚ үшін 2020 жылда бір қалыпты өтті. Kcell жай акцияларының өсімі жыл басынан бері 18,5 % құрады. "Кселл" АҚ акцияларының өсімінің шыңырау шегі 30 желтоқсанға келді, ол кезде баға 2 780 теңгені құрады, ол ағымдағы жылдың мәнінен 22,4 % жоғары (28 ақпан). Талдау жасап отырған кезеңде Fitch Ratings агенттігі Kcell эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін BB деңгейінен BB+ деңгейіне дейін арттырды, болжам "Тұрақты". Агенттік сарапшылары компания рейтингінің өсуінің үш себебін анықтады: пандемияның роуминг қызметінен түскен шамалы табысы, мобильдік байланыстың қалыпты левереджі және оқшауланған нарықты шоғырландыру. Агенттіктің қорытындысы бойынша, "Кселл" АҚ 2019 жылдың аяғына қарай мобильдік байланыс абоненттерінің 32 % қызмет көрсетеді, ал аналық компанияның "Қазахтелеком" АҚ телекоммуникациялық инфрақұрылымын бірлесіп пайдалану, бесінші ұрпақ желілерін жылдам және тиімді кескіндеуді қамтамасыз ете алады (5G).

28 мамырда "Кселл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті, акционерлері қазақстандық мобильдік байланыс операторы 2019 жылға дивиденд төлеуге 9 млрд теңге (бір акцияға 45 теңге немесе ЖДҚ) дивиденд төлеуге бағыттауға шешім қабылдады, сонымен қатар, дивиденд төлемін 2018 жылға төлеммен салыстырғанда 1,5 есе артты.

Соңғы ұсынылған қаржылық есептілігіне сәйкес "Кселл" АҚ телекоммуникациялық саласының өкілі қаңтар-қыркүйек айларында ҚЕХС таза табысын 3,6 есе арттырды – 17,7 млрд теңгеге дейін жетті. Компанияның операциялық табысы бір жолғы шығынды есептеусіз, 18,3 % өсіп, 29,6 млрд теңгені құрады. Түсім 9,9 % дейін артып, 125,5 млрд теңгені құрады. 2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы қызметтен түскен түсім 1 % артты. Қаржыландыруға таза шығын 9,4 % құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 2020 жылға 21,2 % артып немесе 2,6 трлн теңгеге артып, 14,7 трлн теңгеге (34,9 млрд USD) жетті.

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 73 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 281 шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 26 эмитенттің 62 облигациялардың шығарылымы енгізілді: олардың ішінде тоғыз эмитенттің үш шағын қаржы компаниялары.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні жыл басынан бері 8 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,76 % құрады.

KASE в 2020 жылы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 2,7 трлн теңгені, 2019 жылмен салыстырғанда 0,9 % немесе 24,4 млрд теңгеге азайды. Азауы қайталама нарықта 40,7 % байқалды, сонымен қатар алғашқы нарықтағыдай көлемі 14,6 % өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,8 млрд теңге) құрады, орташа күндік мәміле көлемі – 13 (қайталама нарықта – 9), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 840,2 млн теңге (қайталама нарықта – 208,2 млн теңге).

Барлығы Қазақстан қор биржасында 17 эмитенттің 50 облигациялық шығарылымы орналастырылды (2019 жылы – 27 эмитенттің 42 облигациялық шығарылымы). Жиынтық тарту көлемі 2,2 трлн теңгені құрады және 14,6 % немесе 285,7 млрд теңгеге өсті.

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ алты облигациялары шығарылымын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,70 -11,25 %, орналастырып, 574,9 млрд теңге тартты;
- "КазАгроҚаржы" АҚ екі облигациялар шығарылымын жылдық 12,7 % және 13 % орналастырып, 33,2 млрд теңге тартты;
- "Бөлшек және жеке сауда кәсіпорны" АҚ екі облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,49–10,50 % орналастыра отырып, 4,0 млрд теңге тартты;
- "ТехноЛизинг" ЖШС Қазақстан қор биржасында екі облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 16,50 –17,39 % орналастыра отырып, 1,8 млрд теңге тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ облигациялар шығарылымын жылдық 13,75 % орналастыра отырып, 5 млрд теңге тартты;
- "First Heartland Jýsan Bank" АҚ облигациялар шығарылымын жылдық 0,1 % және 9 % орналастыра отырып, 115 млрд теңге тартты;
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ бес облигациялар шығарылымын жылдық 10,9 % және 12,5 % орналастырып, жылдық 258,4 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ бес облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 5–10,75 % орналастыра отырып, жылдық 76,2 млрд теңге тартты;
- "Нұрбанк" АҚ облигациялар шығарылымын өтеу кірістілігі жылдық 4 % орналастырып, 46,8 млрд теңге тартты;
- "KEGOC" АҚ облигациялар шығарылымын өтеу кірістілігі жылдық 12 % орналастырып, 9 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ бес облигациялар шығарылымын өтеу кірістілігі жылдық 0,15–11,80 % орналастырып, 180,6 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ ("Байтерек девелопмент" АҚ құқық мирасқоры) алты облигациялары шығарылымын жылдық 0,10 % және 6,02 % орналастырып, 700,5 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнҚазҚаржы" шағын қаржы ұйымы" ЖШС облигациялары шығарылымын жылдық 19 % орналастырып, 3,3 млрд теңге тартты;
- "КазТрансГаз Аймақ" АҚ облигациялары шығарылымын жылдық 7,5 % орналастырып, 5,7 млрд теңге тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ облигациялары шығарылымын жылдық 13,75 % орналастырып, 5 млрд теңге тартты;

- "Байтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ үш облигациялары шығарылымын жылдық 11,3 % орналастырып, 150 млрд теңге тартты;
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ облигацияларды жылдық 11,8 % орналастырып, 50 млрд теңге тартты;
- "Банк "Bank RBK" Банкі" АҚ облигацияларды орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,85 % орналастыра отырып, 25 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 15,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 4,1 %, басқа институционалдық инвесторлар – 32,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 47,5 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 2,3 % бағаланды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі есептік кезеңде көрсеткіштен на 40,7 % немесе 451,8 млрд теңгеге төмендеп, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 310,1 млрд теңгеге дейін құлдырады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 8,6%, брокер-дилерлердің үлесі – 22,1%, басқа институционалдық инвесторлар – 21,9%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 41,4 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 20,4 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы жыл басынан бері 16,7 % немесе 3,7 трлн теңгеге өсіп, 28,9 % трлн теңгені (39,8 млрд USD) құрады.

Есеп беру жылы МБҚ секторына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің еурооблигациялары енгізілді: бір шығарылымы еуромен және үш шығарылымы ресей рублімен шығарылды. Сонымен қатар, Биржаның тізіміне шет елдік бағалы қағаздарының 23 шығарылымы енгізілді: Ресей Федерациясының Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының 17 шығарылымы, АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының бес шығарылым және Украина Қаржы министрлігінің шығарылымы .

МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2 есе немесе 2 013,7 млрд теңгеге өсіп, 3 639,8 млрд теңгені құрады. Үшінші тоқсанда сауда-саттық көлемі 1 317,5 млрд теңгені құрады.

2020 жылы алғашқы нарық көлемі 3,7 трлн теңгені құрады, ол 2019 жылдың қорытындысынан 6 есе немесе 2,3 трлн теңгеге жоғары. Олардың ішінде мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаны жүзеге асыру аясында 14 облыстың әкімдіктері және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қаласының әкімдіктері орташа сараланған кірістілігі жылдық 0,35%–6,09 % 963,2 млрд теңге тартты, ол өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда 8,8 есе немесе 854,3 млрд теңгеге жоғары. Қаржы Министрлігінің қаржы тарту көлемі KASE сауда-саттық алаңында 2,8 трлн теңгені құрады. Аталмыш көрсеткіш 2019 жылға қарағанда 2,1 есе (107,1 %) немесе 1,4 трлн теңгеге жоғары. Қаржы министрлігінің орналастыруы аясында орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,48–11,07 % аралығында (жылдық 9,47–12 %) болды.

Алғашқы нарықта инвесторлардың негізгі санаты аясында ЕДБ үлесіне 21,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,5 %, өзге институционалдық инвесторларға – 52 %, өзге заңды тұлғаларға - 26,4 %, жеке тұлғаларға – 0,1 % аз. Бейрезиденттердің қатысуы 1 %-дан сәл асты.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,4 есе немесе 539,7 млрд теңгеге өсіп, 916,8 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банктің ноттарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлеміне қарағанда 50,5 %, 2019 жылғы жалпы айналымға қарағанда 89 %, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің облигацияларымен сауда-саттық үлесі 49,5 %, өткен жылғы көрсеткішке қарағанда 4,9 %. Шет елдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен сауда-саттық үлесі аз ғана – 0,1 % -дан төмен (2019 жылы – 0,2 %).

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 34,7 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 2,7 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 46,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 16,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне - 0,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы 9,7 % бағаланады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 34 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

2020 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне төрт эмитенттің облигациялардың сегіз шығарылымы енгізілді, олардың екеуі Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, үш шығарылымы Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, бір шығарылымы IFC.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 274,2 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылмен салыстырғанда 49,2 % немесе 266 млрд теңгеге төмен.

Алғашқы нарықта сауда-саттық көлемі 267 млрд теңгені құрады, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 50 % немесе 267,1 млрд теңгеге төмен:

- IFC екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 11,00 % орналастырып, жазылым арқылы 13,0 млрд теңге тартты;
- Еуропа қайта құрылымдау және даму банкі -төрт, -сегіз және -тоғыз жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 1 % маржамен орналастырып, жазылым арқылы 200 млрд теңге тартты;
- Азия даму банкі екі жылдық "жасыл" халықаралық облигацияларды жылдық 10,10 % және 10,12 % орналастырып, жазылым арқылы 14 млрд теңге тартты;
- Еуразия даму банкі екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 11,0 % орналастырып, 40,0 млрд теңге тартты.

Негізгі инвесторлар санатында алғашқы нарықта ЕДБ үлесіне 11,2 %, өзге институционалдық инвесторларға – 84,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 4,5 % келді.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 7,2 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылмен салыстырғанда 17,7 % немесе 1,1 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санатында қайталама нарығында ЕДБ шоттарына 14,8 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 16,5 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 23,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %. Бейрезиденттердің қатысу үлесі- 30,7%.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында есептік кезеңнің соңында 10 компанияның басқаруымен 16 құралдар орналастырылды.

2020 жыл бойы KASE ресми тізіміне 4 үлеспұл шығарылымы және бір ETF енгізілді:

- "Глобальные Лидеры" ЖЗИҚ, ИПИФ "Региональные Лидеры" ЖЗИҚ, "Суверенный" және "Алғашқы орналастыру қоры" ЖЗИҚ үлеспұлдары;
- SPDR Gold Trust инвестициялық қоры шығарған SPDR Gold Shares акциялары

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 20.3 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22 есе немесе 19,4 млрд теңгеге артты. Оның өсімі "Алғашқы орналастыру қоры" жабық үлеспұл инвестициялық қоры нарықтық қаржы құралдарының RU000A101NK4 (RU_UKFFipo) үлеспұлдарын сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізуге байланысты болды. Барлығы 10,4 млн АҚШ доллары 490 000 көрсетілген үлеспұлға (балама 4 355,1 млн теңге) бір үлеспұлға 21,2 АҚШ доллары.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
RU_UKFFipo	15 353,20	2 937
FFIN_or	1 089,51	133
CSECfe	1 023,48	65
IE_FXBF	516,42	503

US_BIL_	447,97	46
FHJpc	440,59	3
FHJlq	434,90	3
CSECgm	319,63	63
FHJds	227,80	2
FHJhm	219,30	2
US_SPY_	211,48	663
ASYL_or	20,73	5
	20 305,0	4 425

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 53,4 %, 28,9 % - брокер-дилерлердің үлесі, 16,9 % – өзге заңды тұлғаларға, 0,8 % – өзге институционалдық инвесторларға келді.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 132 861 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басына қарағанда 15 166 шотқа артты. Сонымен қатар, жыл бойы 17 мыңнан астам шот ашылды.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қазақстан қор биржасында шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 32 KASE мүшесі қатысты.

2020 жылы шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 11,6 трлн теңгеге жетті, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,1 % немесе 461,9 млрд теңге. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 47,2 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 397, бір мәміленің орташа көлемі – 118,9 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	27 615,7 (-4,2 %)	98,3 % (-0,7 %)	95 336 (+22,8%)	375,94 – 448,52	420,91 (+10,0 %)
RUB/KZT	17 873,0 (+55,6 %)	0,9 % (+0,2 %)	1 241 (+23,2%)	5,3929 – 6,2032	5,6860 (-8,2 %)
CNY/KZT	1 327,8 (x 4,1)	0,7 % (+0,5 %)	814 (+15,1%)	53,4087 – 65,7131	64,7046 (+17,8%)
EUR/KZT	34,5 (-43,1 %)	0,1 % (-0,1 %)	196 (-34,0%)	406,00 – 511,30	511,27 (+19,4 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Нарықтағы сауда-саттық көлемі 98,5 трлн теңгені құрады, өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 3,2 % немесе 3,2 млрд теңгені құрады.

2020 жылдың 30 қарашасынан бастап, есептеу үшін шығыс параметрлерінің жетіспеушілігіне байланысты, KAZPRIME, KIBOR, KIBID және KIMEAN банкаралық депозиттер нарығы индикаторларын есептеу аяқталды.

28 желтоқсаннан бастап, қаржы нарығы индикаторларын реформалау аясында, KASE қаржы нарығының негізгі индикаторы ретінде TONIA есептеудің жаңа әдістемесін енгізді.

Репо операцияларының нарығы

2020 жылға репо операцияларының жиынтық көлемі 88,6 трлн теңгені құрады, ол 2019 көрсеткішіне қарағанда 15,9 трлн теңге немесе 21,8 % артық. Репо операцияларының біршама көлемін 82,9 % МБҚ авторепо операциялары құрады, МБҚ-мен авторепо – 17 %, МБҚ тікелей репо – 0,08 %. Орташа күндік мәмілелер саны – 360 млрд теңге, бір мәміленің күн сайын жасалған мәмілелерінің орташа көлемі – 431, бір мәміленің орташа көлемі – 835,2 млн теңге.

2020 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 180 б.н төмендеді, жылдық 10,05 % - дан 8,25 % дейін. TWINA индикаторы - 131 б.н., жылдық 10,01 % -дан 8,6 %-ға дейін.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 19,1 трлн теңгеге немесе 65,7 % төмендеді, 2019 жылы 29 трлн теңгеден 9,9 трлн теңгеге азайған. 2020 жылы операцияларының орташа күндік көлемі 4,4 млрд теңгені, мәміленің орташа күндік саны – 15, бір мәміленің орташа көлемі - 2,8 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 48,0 % бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT_0_001) жалпы сауда-саттық көлемінен 49,4 % бір апталық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 0,4 % (USDKZT_0_002), бір айлық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 2,1 % (USDKZT_01M), бір күндік валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 0,1 % дан аз (EURKZT_0_001).

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі таңда биржалық нарықтың секторында базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. 2020 жылы апталық валюталық фьючерс бойынша бір мәміле 405 мың теңгені құрады, фьючерстің соңғы есептеу бағасы бір АҚШ долларына 402,81 теңгені құрады.

2021 жылдың қаңтар айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициясы болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.